



EGEMEN QAZAQSTAN

## Әміре ізін жалғаған...

Күллі Еуропа құрлығын елең еткізген Ержанның ерек үні күні кеше тағы да жаһан назарын өзіне бұрғызды. Балалардың әлемдегі ең үздік ән байқауы – «Junior Eurovision song contest-2019» жобасында 2-орын тұғырынан көрінген талантты жастың жеңісі – мұқым қазақ елінің мерейі, мақтанышы екені даусыз.



Айтулы өнер оқиғасына орай кеше Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова «Junior Eurovision – 2019» ән байқауының жеңімпазы Ержан Максимді қабылдап, өнерлі өренді музыка әлеміндегі теңдессіз табысымен құттықтады.

– Қазақтың «Талант тас жарады» деген тамаша сөзі осы бір ерекше үнді Ержан баламызға арналып айтылғандай. Ержан Еуропа төріндегі айтулы жеңісі арқылы тұтас ұлттың, барша Қазақстанның абыройын асқақтатты. Әрине, жеңіс еңбексіз келмейді. Бұл жолда Ержанның есепсіз тер төккені анық. Тіпті, кәсібилігін шыңдау үшін ата-анасымен бірге Мәскеуге қоныс аударып, сол жақтың білімді мамандарынан тәлім алуы да жас дарынның өнерге деген өлшеусіз махаббатының айғағы болса керек. Сондықтан күллі Қазақ елі атынан Ержанды айтулы жеңісімен құттықтаймын. Жас та болса өнерімен көпке үлгі болып үлгерген дарынды ұлға тек қана ақ жол тілеймін. Алдағы уақытта да Ержанның үлкен байқауларға қатысып, талантын барлық жағынан көрсетуіне Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан қолдауымызды аямаймыз», – деді министр.

Елорда төріндегі кездесуге анасы Гүлмира Әлібекпен бірге келген жеңімпаз аталған ән байқауының шығармашылық жолындағы кәсіби үлкен тәжірибе болғандығын атап өтті.

– Рас, байқау оңай болды дей алмаймын. Қарсыластарым да мықты екен. Байқау өте қызық әрі тартысты өтті. Жобаға іріктелген сәттен бастап-ақ, бас жүлде алып, ел мерейін үстем етсем деп армандадым. Алайда бұйырғаны 2-орын болды. Бірақ бұл да жаман нәтиже емес деп ойлаймын. Бастысы, қазақ әнін әлем тыңдады, таныды, – деп ақтарылған жас әнші өнер көрсету кезіндегі қызықтарымен де бөлісті. – Сахнаға шығар алдында дыбыс ұлғайтқыш құрал (наушник) құлағыма сыймай қалып, біраз әбігерге түстік. Содан тығырыққа тірелген мамандар құрылғыны құлағыма скотчпен жабыстырып қойды. Әнімді осылай орындап шықтым. Жалпы, «Junior Eurovision– 2019» байқауына қатысу маған үлкен тәжірибе болды. Ән әлеміндегі арманыма біртабан жақындатты десем де артық емес. Алдағы уақытта да халықаралық деңгейдегі жақсы байқауларға қатыссам деймін. Сонымен қатар есімі дүниежүзіне танымал Андреа Бочелли, Лара Фабиан, Селин Дион, Билли Айлиш және өзімнің өнердегі үлгі тұтатын ағам Димаш Құдайбергенмен бірге ән салғым келеді. Бұл да менің ән әлеміндегі үлкен армандарымның бірі», – дейді Ержан.

Польшаның Гливице қаласында өткен айтулы музыка байқауында Ержан Максим Данияр Алдабергеновтың сөзіне жазылған композитор Хамит Шаңғалиевтің «Арманыңнан қалма» әнін жоғары деңгейде орындап, қазылар алқасының бірауыздан қолдауына ие болғанымен, электронды дауыс беру нәтижесінде қарсыласына есе жіберіп алды. Осы бір «әттеген-ай» тек әншінің ғана емес, ән авторы Хамит Шаңғалиевтің де көңілін құлазытыпты.

Рас, Еуропа төрінен Ержан әні төгілгенде көгілдір экран алдында тақымын қысып, жанкүйер болып отырған әр көрерменнің кеудесін мақтаныш кернеп, қыран көңілін көкке өрлеткені анық. 1925 жылғы Парижді таңдай қақтырған тура бір Әміренің әніндей! Міне, осылайша шыңылтыр үннің шексіз мүмкіндігін танытып, өнеріне Еуропаның талғампаз тыңдарманын бас игізген Әміре Қашаубаев феномені араға тура ғасыр уақыт салып Димаштың дара дауысы, Ержанның ерек үні болып ортамызға қайта оралғандай. Әміре ізін жалғаған дарындар жолы лайым даңғыл болғай дейік, ендеше!

Назерке ЖҰМАБАЙ